

Төтенше жағдай туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандығы N 387 Заны.

МАЗМҰНЫ

Осы Зан Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жергілікті жерлерінде төтенше жағдайды енгізудің және оның қолданылуының негіздерін, мерзімдерін, тәртібін, әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимін белгілейді.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі).

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Занда пайдаланылатын негізгі үғымдар

Осы Занда мынадай негізгі үғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай – адам шығындарына, денсаулыққа зиян келтіруге, елеулі мүліктік шығындарға немесе тұрғындардың тіршілік әрекеті жағдайының бұзылуына әкеп соғуы мүмкін немесе әкеп соққан әлеуметтік қатынастар саласындағы белгілі бір аумақта қайшылықтар мен жанжалдардың туындауымен байланысты төтенше жағдай;

1-1) әлеуметтік-экономикалық саладағы дағдарыстық ахуал – елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төнген және Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес Қазақстан Республикасының салық, бюджет, кеден, банк, еңбек, валюта заңнамасының, Қазақстан Республикасының бәсекелестікті қорғау саласындағы, денсаулық сақтау саласындағы, мемлекеттік сатып алу туралы, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуды туралы, азаматтарды әлеуметтік қорғау салаларындағы, мемлекеттік мүлік туралы, мемлекеттік бақылау және қадағалау мәселелері бойынша заңнамасының қолданылу, елдің халықаралық міндеттемелерін іске асыру ерекшеліктері белгіленуі мүмкін ахуал;

1-2) дағдарыстық ахуал – адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын, қауіпсіздік пен құқық тәртібін қалпына келтіру үшін уақытша шектеулер қолдану, ал ерекше жағдайларда төтенше ахуал немесе төтенше жағдай режимін енгізу және осы Занда көзделген негізгі және қосымша шараларды қолдану талап етілетін ахуал;

2) жергілікті жердің коменданты – Қазақстан Республикасының Президенті тағайындастын, төтенше жағдай енгізілген жергілікті жердегі комендатураның

қызметіне басшылық жасайтын және төтенше жағдай режимін қамтамасыз ететін құштер мен құралдарды біртұтас басқаруды жүзеге асыратын лауазымды адам;

3) жергілікті жердің комендатурасы – төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерде төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Президенті қуратын уақытша арнаулы орган;

4) комендантық сағат – арнайы берілген рұқсаттамасыз және жеке басын куәландыратын құжаттарсыз көшелерде және өзге де қоғамдық орындарда не үйлерінен тыс жерлерде жүрге тыйым салынатын тәулік мезгілі;

5) төтенше жағдай – азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын қорғау мүдделерінде ғана қолданылатын және азаматтардың, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарына жекелеген шектеулер белгілеуге жол беретін және оларға қосымша міндеттер жүктейтін, мемлекеттік органдар, ұйымдар қызметінің ерекше құқықтық режимі болып табылатын уақытша шара;

6) төтенше жағдай енгізілетін жергілікті жердің шекаралары – Қазақстан Республикасының бір немесе бірнеше әкімшілік-аумақтық бірліктерінің аумағы;

7) Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия – төтенше жағдай енгізу кезеңіне Қазақстан Республикасы Президентінің актісімен құрылатын арнаулы мемлекеттік басқару органы.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 11.07.2022 № 136-VII (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

2-бап. Төтенше жағдайдың құқықтық негізі

Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Заң және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері төтенше жағдайды енгізуін құқықтық негізі болып табылады.

2-1-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің төтенше жағдай және әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуал режимдерін қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктері

Қазақстан Республикасының Президенті азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын қорғау мақсатында:

1) дағдарыстық ахуалды оқшаулау және жою кезінде орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың, құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың бірлескен іс-қимыл жасау тәртібін айқындайтын қағидаларды бекітеді;

2) респубикалық және өңірлік жедел штабтар туралы ережені бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. Заң 2-1-баппен толықтырылды – ҚР 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

3-бап. Осы Заңың негізгі мақсаты, міндесті мен қағидаттары

1. Төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайларды жою осы Заңың негізгі мақсаты болып табылады.

2. Төтенше жағдай енгізу аймағында барлық қызмет салаларының жұмыс істеуін қалпына келтіру осы Заңың негізгі міндесті болып табылады.

3. Осы Заңың негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) азаматтардың қауіпсіздігін, олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, төтенше жағдайдың туындауы салдарынан қауіп төнген адамдардың өмірі мен деңсаулығын, құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышы мен егемендігінің негіздерін сақтау;

2) заңдылықты сақтау.

Ескерту. 3-бап жаңа редакцияда – ҚР 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

1-1-тарау. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимі

Ескерту. Заң 1-1-тараумен толықтырылды - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3-1-бап. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимі

1. Әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуалдың құқықтық режимі әлеуметтік сипаттағы төтенше мән-жайлардың алдын алуды және оларды жоюды жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың шұғылден қоюы мен жұмыс істеуінің айрықша режимін білдіреді және жеке және заңды тұлғаларға қосымша міндесттер жүктей отырып, олардың құқықтары мен бостандықтарына жекелеген уақытша шектеулерді белгілеуге жол береді.

Әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуалдың мән-жайлары төтенше жағдай енгізуге негіз болып табылуы мүмкін.

Әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуалдың құқықтық режимі Қазақстан Республикасының демократиялық институттарына, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, оның азаматтарының қауіпсіздігіне қатер төнген және оны оқшаулау мен жоюды төтенше жағдай енгізілген кезде қолданылатын негізгі, қосымша шаралар мен уақытша шектеулер енгізбестен, әлеуметтік сипаттағы төтенше

ахуалдың алдын алу және оны жою жөніндегі мемлекеттік органдардың күшімен және құралдарымен жүзеге асыру мүмкін болатын жағдайда енгізіледі.

2. Әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуалдың құқықтық режимі жекелеген жергілікті жерлерде әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуалдың алдын алу және оны жою жөніндегі мемлекеттік орган немесе облыстық (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жедел штаб басшысының шешімімен енгізіледі.

3. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың құқықтық режимі кезінде шұғыл ден қою және басқару жүйесінің жұмыс органы жедел штаб болып табылады.

4. Мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай қатері төнген немесе туындаған кезде әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және оны жою жөніндегі мемлекеттік органға жәрдемдесуге және қажетті көмек көрсетуге міндетті.

5. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және жою мақсатында әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және оны жою жөніндегі мемлекеттік орган:

1) әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай аймағына бару үшін, сондай-ақ, егер кідірту адамдардың өміріне немесе денсаулығына нақты қатер төндіруі мүмкін болса, шұғыл медициналық көмекке мұқтаж адамдарды емдеу мекемелеріне жеткізу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен, меншік иелеріне материалдық залал келтірілген жағдайда оны өтей отырып, көлікті (дипломатиялық иммунитеті бар шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардың өкілдіктерінен басқа) пайдалануға;

2) алып тасталды - ҚР 18.03.2019 № 237-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де шараларды қолдануға құқылы.

5-1. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай мен оның салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау үшін әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және оны жою жөніндегі мемлекеттік орган мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын пайдалануға құқылы. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай мен оның салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау үшін мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын броньнан алу тәртібімен шығару Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тәртіппен мемлекеттік материалдық резерв саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайдың алдын алу және оны жою жөніндегі мемлекеттік органдардың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай мен оның салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау үшін пайдаланылған мемлекеттік

материалдық резервтің материалдық құндылықтарының шығындарын өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

5-2. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған немесе төтенше жағдай енгізілген жағдайларда, мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын тасымалдауды көлік ұйымдары бірінші кезектегі тәртіппен жүзеге асырады.

Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдай мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою жөніндегі шараларды қабылдау үшін мемлекеттік материалдық резервтен шығарылған материалдық құндылықтарды тасымалдауға көлік ұйымдары материалдық құндылықтарды көрсеткен кезде алдын ала төлемсіз қабылдайды.

Мемлекеттік материалдық резервтің материалдық құндылықтарын тасымалдау шығындарын өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі резервінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

6. Әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуалдың құқықтық режимінің қолданылу мерзімі оны енгізуге негіз болған мән-жайларды жою мерзімінен аспауға тиіс.

Осы жергілікті жерде немесе Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында төтенше жағдай режимі енгізілген жағдайда әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуалдың құқықтық режимінің күші жойылды деп есептеледі.

Ескерту. 3-1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

3-2-бап. Мемлекеттік органдардың әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуалдардың алдын алу және оларды жою жөніндегі күзыretі

1. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары шектес мемлекеттер аумақтарынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы жаппай өтуден; Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын күштеп өзгертуге әрекеттенуден; терроризм актілерінен; билікті күштеп басып алуға немесе Қазақстан Республикасының Конституациясын бұза отырып, билікті күштеп ұстап тұруға бағытталған әрекеттерден; диверсиялардан; қарулы бүліктен туындаған төтенше ахуалдарды анықтайды, олардың алдын алады және жолын кеседі.

Бұл ретте жергілікті атқарушы орган осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуалдарды жою жөніндегі мемлекеттік орган болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары жаппай тәртіпсіздіктерден; ұлтаралық және конфессияларлық жанжалдардан; жекелеген жерлерді, аса маңызды және стратегиялық объектілерді қоршап алудан немесе басып алуудан; заңсыз қарулы қуралымдардың ұйымдасуынан және қызметінен туындаған төтенше ахуалдардың алдын алады және оларды жоюды жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі қарулы қақтығысты күштеп тану мақсатында басқа мемлекеттер тарапынан болған арандатушылық әрекеттерден, Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығын бұзудан туындаған әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуалдардың алдын алуға және оларды жоюға қатысады.

4. Әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуалдардың алдын алу және оларды жою жөніндегі мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық органдарының басшылары осы мемлекеттік органдарға жүктелген міндеттердің орындалуына дербес жауапты болады.

Ескерту. 3-2-бап жаңа редакцияда – ҚР 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

3-3-бап. Жедел штабтар

1. Әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуалдардың алдын алу және оларды жою мақсатында тұрақты жұмыс істейтін республикалық және өнерлік (облыстық, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жедел штабтар құрылады.

2. Жедел штабтар басшыдан, басшының орынбасарларынан, оның ішінде бір бірінші орынбасарынан және штаб мүшелерінен тұрады.

Жедел штабдардың құрамына әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуалдың алдын алу және оны жою жөніндегі мемлекеттік органдардың басшылары немесе өкілдері жедел штаб басшысының орынбасарлары ретінде, сондай-ақ өзге де мемлекеттік органдардың өкілдері кіреді.

3. Республикалық және өнерлік жедел штабдардың шешімдері орындау үшін міндетті болып табылады.

4. Жедел штабтар өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

5. Терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтар "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құрылады.

Әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуал енгізілген жергілікті жерде күзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі күзет іс-шаралары өткізілген жағдайда, күзет іс-шараларын өткізу жөніндегі жедел штабтар "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әрекет етеді.

Күзет іс-шараларын өткізу жөніндегі жедел штабтың шешімі бойынша "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес күзетілетін адамдардың қауіпсіздігін, күзетілетін объектілердің күзетілуі мен қорғалуын қамтамасыз ету мүддесінде басқа да мемлекеттік органдардың қажетті күштері мен құралдары қосымша тартылуы мүмкін.

Ескерту. 3-3-бап жаңа редакцияда – ҚР 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3-4-бап. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды жою жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар

1. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды оқшаулау және жою жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар мемлекеттік органдардың кешенді күштері мен құралдары пайдаланыла отырып, мемлекеттік органдардың бұрын бекіткен жоспарларына сәйкес, ал осы Заңының 3-2-бабының 1-тармағында көзделген әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайларды оқшаулау және жою жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу (анықтау, жолын кесу) жөніндегі мемлекеттік органдармен бұрын келісілген және жергілікті атқарушы органдар бекіткен жоспарларға сәйкес ұйымдастырылады.

2. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайды жою жөніндегі бірінші кезектегі іс-қимылдар кезінде жедел штаб басшысының шешімі бойынша мынадай уақытша шектеулер:

- 1) қауіпті өндірістік объектілердің қызметін тоқтата тұру;
- 2) "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 41-1-бабының 1-2-тармағына сәйкес мемлекеттік органдарды қоспағанда, жеке және (немесе) занды тұлғаларға байланыс қызметін көрсетуді тоқтата тұру және (немесе) байланыс желілерін және құралдарын пайдалануды шектеу;
- 3) қоғамдық тәртіптің сақталуын, мемлекеттік күзетуге жататын объектілерді және халықтың тыныс-тіршілігі мен көліктің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілерді, сондай-ақ ерекше материалдық, тарихи, ғылыми, көркем немесе мәдени құндылығы бар объектілерді күзетуді күшайту;
- 4) әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар аймағында тұратын жеке тұлғаларды уақытша көшіру;
- 5) қарудың, оқ-дәрілердің, жарылғыш заттардың, күшті әсер ететін химиялық және улы заттардың саудасына шектеу қою немесе тыйым салу, дәрілік заттардың, есірткі құралдарының, психотроптық заттардың, оларға ұқсас заттар мен прекурсорлардың, этил спиртінің және алкоголь өнімінің айналымына ерекше режим белгілеу қолданылуы мүмкін.

3. Әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар аймақтарының шекараларын жедел штабтың басшысы айқындаиды.

Ескерту. 3-4-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

3-5-бап. Әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуал режимін қамтамасыз етуге арналған күштер мен құралдар

1. Әлеуметтік сипаттағы төтенше ахуал режимін қамтамасыз ету үшін, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік күзет қызметін қоспағанда, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның және басқа да мемлекеттік органдардың күштері мен құралдары пайдаланылады.

2. Қажет болған жағдайларда "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы негізінде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мынадай міндеттерді орындау үшін:

- 1) жергілікті жерге кірудің және одан шығудың ерекше режимін қолдауға;
- 2) ерекше режимдік, режимдік және ерекше қорғалатын объектілерді, халықтың тыныс-тіршілігін және көліктің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілерді, адамдардың өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ қоршаған ортаға ұлken қауіп төндіретін объектілерді күзетуге;
- 3) арнаулы құралдарды, қаруды қолдану, сондай-ақ әскери және басқа да техниканы пайдалану арқылы күш көрсету әрекеттері орын алған жанжалдарға қатысқан тайталасуышы тараптарды айыруға;
- 4) заңсыз қарулы құралымдар әрекетінің жолын кесуге қатысуға;
- 5) ішкі істер органдарымен бірлесіп патрульдеуге және жаппай тәртіпсіздіктерді оқшаулауға қолданылуы мүмкін.

3. Осы баптың 2-тармағының 1) – 4) тармақшаларында көрсетілген міндеттерді Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарымен бірлесіп орындаиды. Бұл ретте Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілеріне "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының дene күшін, арнаулы құралдарды, қызметтік иттерді, қаруды қолдану, әскери техниканы пайдалану шарттарына, тәртібі мен шектеріне қатысты бөлігіндегі ережелері қолданылады.

Ескерту. 1-1-тaraу 3-5-баппен толықтырылды – ҚР 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

2-тaraу. Төтенше жағдайды енгізу мен оның күшін жоюдың шарттары, негіздері, тәртібі

4-бап. Төтенше жағдай енгізудің шарттары, негіздері

1. Төтенше жағдай Қазақстан Республикасының демократиялық институттарына, тәуелсіздігі мен аумақтық тұластығына, саяси тұрақтылығына, оның азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қауіп төнген, мемлекеттің конституциялық

органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған жағдайда енгізіледі және оларды оқшаулау мен жою үшін негізгі, қосымша шаралар мен уақытша шектеулер енгізу қажет.

2. Төтенше жағдайды енгізу негіздері болатын мән-жайларға, осы баптың 1-тармағының талаптары сақталған жағдайда:

1) шектес мемлекеттер аумақтарынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы жаппай өтуден; Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын құштеп өзгертуге әрекеттенуден; терроризм актілерінен; билікті құштеп басып алуға немесе Қазақстан Республикасының Конституациясын бұза отырып, билікті құшпен ұстап тұруға бағытталған іс-әрекеттерден; жаппай тәртіпсіздіктерден, ұлтаралық және конфессияаралық жанжалдардан; жекелеген жергілікті жерлерді, аса маңызды және стратегиялық объектілерді қоршап алудан немесе басып алудан; заңсыз қарулы құралымдарды дайындаудан және олардың әрекетінен; қарулы бүліктен; диверсиядан; қарулы қақтығысты құштеп таңу мақсатында басқа мемлекеттер тарарапынан жасалатын арандатушылық іс-әрекеттерден туындаған әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар;

2) дүлей зілзала (жер сілкінің, сел, қар көшкіні, су тасқыны және басқалар), дағдарысты экологиялық жағдайлар, табиғи өрттер, эпидемиялар мен індептер, ауыл шаруашылығы өсімдіктері мен ормандардың аурулармен және зиянкестермен зақымдалуы, өнеркәсіптік, көліктік және басқа авариялар, өрттер (жарылыстар), құшті әсер ететін улы, радиоактивті және биологиялық қауіпті заттар ауаға жайылатын (жайылу қаупі бар) авариялар, үйлер мен ғимараттардың кенеттен құлауы, су бөгеттерінің бұзылуы, тыныс-тіршілікті қамтамасыз ететін электрэнергетикалық және коммуникациялық жүйелердегі, тазарту құрылғыларындағы авариялар себеп болған және жағдайды дереу тұрақтандыруды, құқық тәртібін қамтамасыз етуді, қажетті құтқару және авариялық-қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу үшін жағдай жасауды талап ететін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жатады.

Дүлей зілзаланың немесе кең көлемді аварияның (апаттың) нақты қаупі де азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның ұсынуы негізінде төтенше жағдай енгізуге негіз болуы мүмкін.

Ескерту. 4-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.04.08 № 266-IV Зандарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

5-бап. Төтенше жағдайды енгізу тәртібі

1. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағындағы немесе оның жекелеген жерлеріндегі төтенше жағдайды Қазақстан Республикасының Премьер-Министрімен және Парламенті палаталарының төрағаларымен ресми консультациялардан кейін Қазақстан Республикасының Президенті тиісті жарлығымен енгізеді, бұл туралы Қазақстан Республикасының Парламентіне дереу хабарланады.

2. Төтенше жағдай қалыптасқан жағдайды өзге шаралар қолданумен реттеу мүмкін болмаған жағдайда енгізіледі.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің төтенше жағдайды енгізу туралы жарлығы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес ресми баспа басылымдарында дереу жариялануға тиіс және барлық бұқаралық әкпарат құралдары арқылы халыққа жеткізіледі.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің Төтенше жағдайды енгізу туралы жарлығы Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген мерзімде қолданысқа енгізіледі.

6-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің төтенше жағдайды енгізу туралы жарлығының мазмұны

Қазақстан Республикасы Президентінің Төтенше жағдайды енгізу туралы жарлығында:

1) осы Заңның талаптарына сәйкес төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар;

2) төтенше жағдайды енгізу қажеттігінің негіздемесі;

3) төтенше жағдай енгізілетін жерлердің шекаралары;

4) төтенше жағдай режимін қамтамасыз ететін күштер мен құралдар;

5) осы Заңға сәйкес енгізілетін шаралардың және жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың құқықтарын уақытша шектеулердің, сондай-ақ оларға қосымша жүктелетін міндеттердің тізбесі;

6) төтенше жағдайды енгізу кезеңінде құрылатын мемлекеттік басқарудың арнайы органдары және олардың өкілеттігі;

7) төтенше жағдай режимі кезеңде қолданылатын іс-шараларды жүзеге асыруға жауапты мемлекеттік органдар (лауазымды адамдар);

8) төтенше жағдайды енгізу уақыты және оның қолданылу мерзімі қамтылады.

7-бап. Төтенше жағдайдың күшінде болу мерзімі

1. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында енгізілетін төтенше жағдайдың күшінде болу мерзімі - 30 тәуліктен, ал оның жекелеген жерлерінде 60 тәуліктен аспауға тиіс.

2. Төтенше жағдай енгізілген мерзім өткеннен кейін төтенше жағдай тоқтатылды деп есептеледі.

3. Төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар жойылмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Президенті тиісті акт шығару арқылы осы баптың 1-тармағында белгіленген мерзімдер шегінде оның қолданысын ұзартуға құқылы.

8-бап. Төтенше жағдайды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру

1. Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде төтенше жағдай енгізілген кезде төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөнінде жүргізілетін іс-шараларды қаржыландыру Қазақстан Республикасы Үкіметі резервінің және жергілікті атқарушы органдар резервтерінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады

2. Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен Қазақстан Республикасының төтенше бюджеті енгізілуі мүмкін. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөнінде жүргізілетін іс-шараларды қаржыландыру бұл жағдайда төтенше бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Төтенше бюджеттің қабылдануы туралы Қазақстан Республикасының Парламентіне дереу хабарланады.

9-бап. Төтенше жағдайдың күшін жою

1. Егер төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар жойылған болса, Қазақстан Республикасының Президенті оның күшін ол енгізілген мерзім аяқталғанға дейін толық немесе ішінара жоюға құқылы.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің төтенше жағдайды толық немесе ішінара жою жөніндегі Жарлығы Қазақстан Республикасының Президенті белгілеген мерзімде қолданысқа енгізіледі.

10-бап. Төтенше жағдайдың күкірткыш режимінің ерекшеліктері

Парламенттің және Парламент Мәжілісін төтенше жағдай кезеңінде таратуға болмайды.

Ескерту. 10-бап жаңа редакцияда - КР-ның 2009.04.29. № 154-IV Занымен.

3-тарау. Төтенше жағдай кезеңіне енгізілетін мемлекеттік басқарудың арнайы органдары.

Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету

11-бап. Төтенше жағдай кезеңіндегі мемлекеттік басқарудың арнайы органдары

1. Төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайларды жою жөніндегі мәселелерді шұғыл шешу және іс-шараларды жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Президенті мемлекеттік басқарудың төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі арнайы органдарын құруы мүмкін, оларға:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия;

2) жергілікті жердің комендатурасы жатады.

2. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия (бұдан әрі – Мемлекеттік комиссия) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында немесе

оның жекелеген жергілікті жерлерінде төтенше жағдай енгізілген кезде Қазақстан Республикасы Президентінің актісімен құрылады.

3. Комендатураның қызметі Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен үлгі ереже негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.14 № 117, 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарамен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

12-бап. Мемлекеттік комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары

1. Мемлекеттік комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) төтенше жағдайды енгізу үшін негіз болған мән-жайларды жою жөнінде шаралар әзірлеу;

2) төтенше жағдай енгізілген аумақтың қызметін басқару мен қамтамасыз ету жөнінде жедел іс-шаралар жүргізуі үйымдастыру;

3) төтенше жағдайды енгізу үшін негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардап шеккен жеке тұлғаларды уақытша тұруға арналған тұрғын үй-жайларға орналастыруды , оларға қажетті көмек көрсетуді үйымдастыру;

4) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, үйымдардың, төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерлердің комендатурашарының төтенше жағдайды енгізу үшін негіз болған мән-жайларды жою жөніндегі қызметін үйлестіру;

5) төтенше жағдай кезеңінде жүргізілетін іс-шаралардың орындалуын бақылау.

2. Негізгі міндеттерін орындау үшін Мемлекеттік комиссия мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, үйымдардың, төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерлердің комендатурашарының төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайларды жою жөніндегі қызметін үйлестіру бойынша ұсыныстар әзірлейді;

2) Мемлекеттік комиссияға жүктелген міндеттерді орындау мәселелері бойынша орталық, жергілікті атқарушы органдардың лауазымды адамдарын және төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерлердің комendantтарын тыңдайды;

3) орталық және жергілікті атқарушы органдардан, үйымдардан Мемлекеттік комиссияның қызметін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратады және алады;

4) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, үйымдардың, төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерлердің комендатурашарының төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайларды жою жөніндегі іс-шараларды орындаудын бақылайды;

5) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың мамандарын төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайларды жою мәселелерін шешу үшін талдамалық, сараптау және басқа да қажетті жұмыстарды орындауға тартады;

6) осы Заңның 15, 16-баптарында көрсетілген қосымша шаралар мен уақытша шектеулерді енгізу дің тиімділігін қарайды. Төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайлар толық немесе ішінара жойылған кезде Қазақстан Республикасының Президентіне қосымша шаралардың, уақытша шектеулердің немесе төтенше жағдайдың толық немесе ішінара күшін жою туралы тиісті ұсыныстар енгізеді;

7) Қазақстан Республикасының Президентіне төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, осы Заңда көзделген қосымша шаралар мен уақытша шектеулерді қолдану қажеттігі туралы ұсыныстармен жүргінеді, олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

8) жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың, аумақтық ішкі істер органдардың, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарының, төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерде орналасқан (орналасатын) әскери құралымдардың және төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін қосымша тартылатын мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіреді.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда – ҚР 14.01.2006 № 117; өзгеріс енгізілді – ҚР 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңдарымен.

12-1-бап. Мемлекеттік комиссияның қызметін ұйымдастыру

1. Мемлекеттік комиссия орталық, жергілікті атқарушы органдардың өкілдерінен және төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерлердің коменданттарынан құрылады. Мемлекеттік комиссияның дербес құрамын Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді және ол төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайларға байланысты болады. Мемлекеттік комиссия төрағадан, мүшелерден және хатшыдан тұрады. Мемлекеттік комиссияның төрағасы Қазақстан Республикасының Президентіне есеп береді.

Мемлекеттік комиссия мүшелерінің және комиссия жұмысын қамтамасыз ету үшін тартылатын мамандардың жұмыс орындары мен негізгі жұмыс орнындағы жалақысы сақталады.

1-1. Осы Заңның 3-2-бабының 2-тармағына сәйкес негіздер бойынша төтенше жағдай режимі енгізілген кезде Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі Мемлекеттік комиссияның төрағасы болып тағайындалады.

Қазақстан Республикасының Президенті ахуалдың өршуін талдауды негізге ала отырып, өз қалауы бойынша кез келген мемлекеттік органның өкілін Мемлекеттік комиссияның төрағасы етіп тағайындауға құқылы.

2. Мемлекеттік комиссияның отырыстарын қажеттілігіне қарай оның төрағасы шақырады, ал оның шешімдері хаттамалармен ресімделеді. Мемлекеттік комиссияның мүшелері отырыстарға алмастыру құқығынсыз қатысады.

Отырыстың күн тәртібіндегі әрбір мәселе бойынша шешім ашық дауыс беру арқылы қабылданады және егер Мемлекеттік комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілігі шешімді жақтап дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыстар тең болған жағдайда төраға жақтап дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі. Мемлекеттік комиссия өз құзыретіне сәйкес қабылдайтын шешімдер орталық, жергілікті атқарушы органдардың және төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерлердің комендатураларының, жеке және заңды тұлғалардың орындауы үшін міндettі болады.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Мемлекеттік комиссия Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына тиісті ұсыныстарды, жарлықтар мен өкімдердің жобаларын енгізеді. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша Мемлекеттік комиссия Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына тиісті ұсыныстарды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулылары мен Премьер-Министрі өкімдерінің жобаларын енгізеді.

Ескерту. 12-1-бап жаңа редакцияда – КР 14.01.2006 № 117; өзгеріс енгізілді – КР 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

13-бап. Төтенше жағдай енгізілген жер коменданттының өкілеттіктері

1. Төтенше жағдай енгізілген жергілікті жердің комендатуrasesы өзінің төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі қызметін жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып жүзеге асырады.

Жергілікті жердің комендатуrasesын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындастын комendant және жергілікті жер комендатуrasesының аппараты құрайды, оның құрамы төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар негізге алына отырып айқындалады.

Комendant – Қазақстан Республикасының Президентіне, ал Мемлекеттік комиссия құрылған кезде Қазақстан Республикасының Президенті мен Мемлекеттік комиссияның төрағасына бағынады.

Жергілікті жердің комendantы болып:

шектес мемлекеттер аумақтарынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы жаппай өту кезінде; Қазақстан Республикасының конституциялық құрылышын құштеп өзгертуге әрекеттеген кезінде; терроризм актілері; билікті құштеп басып алуға немесе Қазақстан Республикасының Конституациясын бұза отырып билікті құшпен ұстап тұруға бағытталған іс-әрекеттер кезінде; қарулы бүлік; диверсия кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің;

жаппай тәртіпсіздік; ұлтаралық және конфессияаралық жанжалдар; экстремистік топтардың жекелеген жергілікті жерлерді, аса маңызды және стратегиялық

объектілерді қоршап алуы немесе басып алуы; заңсыз қарулы құралымдардың дайындалуы және әрекеті кезінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің;

қарулы қақтығысты құштеп тану мақсатында басқа мемлекеттер тарарапынан жасалатын арандатушылық іс-әрекеттер; Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығын бұзу кезінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің;

табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің өкілі тағайындалады.

Қазақстан Республикасының Президенті төтенше жағдай енгізілген жергілікті жердегі ахуалдың өршуін талдауды негізге ала отырып, өз қалауы бойынша кез келген мемлекеттік органның өкілін жергілікті жердің коменданты етіп тағайындауға құқылы.

2. Төтенше жағдай енгізілген жергілікті жердің коменданты:

1) өз өкілеттіктері шегінде барлық жеке және занды тұлғалардың, лауазымды адамдардың, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, сондай-ақ ішкі істер органдары, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдары, төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерде орналасқан (дислокацияланған) және төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін қосымша тартылатын әскери құралымдар бастықтарының (командирлерінің) тиісті аумақта орындауы міндетті төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету мәселелері жөнінде бұйрықтар мен өкімдер шығарады;

2) жеке тұлғалардың белгіленген мерзімде белгілі бір жерден кетіп қалуына шектеулер енгізеді, сол жергілікті жердің тұрғындары болып табылмайтын қоғамдық тәртіпті бұзушы адамдарды солардың есебінен өздерінің тұрақты тұратын жерлеріне немесе төтенше жағдай жарияланған жергілікті жерден тыс жерлерге шығарып жібереді, сондай-ақ төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерде зандылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады;

3) қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнайы мекемелерде орын жеткіліксіз болған жағдайда төтенше жағдай режимін бұзған, ұсталған адамдарды ұстаудың қосымша орындарын айқындайды;

4) ұйымдардың басшыларын өз міндеттерін, комendantтың бұйрықтары мен өкімдерін тиісінше орындауына байланысты төтенше жағдайдың қолданысы кезеңінде жұмысынан шеттетеді, бұл жөнінде Мемлекеттік комиссияға хабарлайды;

5) төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерде Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін, осы Занда көзделген қосымша шаралар мен уақытша шектеулерді қолдану қажеттігі туралы ұсыныстармен Қазақстан Республикасының Президентіне жүгінеді және осы шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;

6) Қазақстан Республикасының Үкіметіне төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қосымша қаржыландыру туралы ұсыныстар енгізеді;

7) тиісті жергілікті жердің тұрғындарын төтенше жағдай кезінде қолданылатын, енгізілген шаралар мен уақытша шектеулерді орындау қажеттігі туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабардар етеді;

8) жергілікті өкілді және атқарушы органдардың барлық отырыстарына қатысуға және өз құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша ұсыныстар енгізуге құқылы;

9) төтенше жағдай енгізілген жергілікті жердің комендатуrasesы жанынан журналистерді аккредиттеуді жүзеге асырады;

9-1) жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың, Қазақстан Республикасының аумақтық ішкі істер органдарының, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарының, төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерде орналасқан (орналасатын) әскери құралымдардың және төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін қосымша тартылатын мемлекеттік органдардың қызметін үйлестіреді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Жергілікті жердің комендатуrasesы жұмыскерлерінің еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

4. Төтенше жағдай енгізілген жергілікті жердің комендатурасын құру көрсетілген аумақта жұмыс істейтін жергілікті өкілді және атқарушы органдардың қызметін тоқтатпайды.

5. Төтенше жағдай енгізілген аумақта төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету мақсатында жергілікті жердің коменданты өз өкімімен жергілікті атқарушы және өкілді органдардың, орталық мемлекеттік органдардың төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайларды жоюға кедергі келтіретін нормативтік құқықтық актілерінің қолданылуын режим кезеңінде тоқтата тұруға құқылы.

Ескерту. 13-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Конституциялық заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
18.03.2019 № 237-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.06.2021 № 58-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);
11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.06.2025 № 196-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

14-бап. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге арналған күштер мен құралдар

1. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның және басқа да мемлекеттік органдардың күштері мен құралдары пайдаланылады.

2. Қажет болған жағдайларда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының негізінде төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Құштері мынадай міндеттерді орындау үшін:

1) төтенше жағдай енгізілген жерге кірудің және одан шығудың ерекше режимін сақтауға;

2) ерекше режимді, режимді және ерекше қорғалатын объектілерді, халықтың тыныс-тіршілігін және көліктің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілерді, адамдардың өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ қоршаған ортаға үлкен қауіп төндіретін объектілерді күзетуге;

3) арнайы құралдарды, қаруды қолдану, сондай-ақ әскери және басқа да техниканы пайдалану арқылы күш көрсету әрекеттері орын алған жанжалдарға қатысқан тайталасуышы тараптарды айыруға;

4) заңсыз қарулы құралымдар қызметінің жолын кесу ісіне қатысуға;

5) табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және адамдар өмірін құтқару ісіне қатысуға;

6) ішкі істер органдарымен бірлесіп патрульдеуге және жаппай тәртіпсіздіктерді оқшаулауға қолданылуы мүмкін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің шекара қызметі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын, сондай-ақ халықаралық әуежайларды қорғау мақсатында ғана төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге тартылады.

4. Осы баптың 2-тармағының 1) – 4) тармақшаларында көрсетілген міндеттерді Қазақстан Республикасының Қарулы Құштері ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарымен бірлесіп орындаиды. Бұл орайда Қазақстан Республикасы Қарулы Құштерінің әскери қызметшілеріне "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының дene күшін, арнайы құралдарды, қызметтік иттерді, қаруды қолдану, әскери техниканы пайдалану шарттарына, тәртібіне және шектеріне қатысты бөлігіндегі ережелері қолданылады.

Ескерту. 14-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 10.01.2015 № 275-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

14-1-бап. Төтенше жағдай кезінде байланыс желілерін басқару

1. Төтенше жағдай кезінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындастын тізбе бойынша мемлекеттік органдардың, президенттік және үкіметтік байланысты, сондай-ақ шұғыл қызметтердің байланыс желілері мен құралдарын қоспағанда,

байланыс желілері мен құралдарын басымдықпен пайдалануға, сондай-ақ "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 41-1-бабының 1-2-тармағына сәйкес олардың қызметін тоқтата туруға күкірткыштың бар.

2. Байланыс желілері мен құралдарын беру және байланыс операторының байланыс желілері мен құралдарын пайдаланған кезде олардың шеккен шығындарын өтеу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.

3. Байланыс желілері мен құралдарының иелері адамдар өмірінің теніздегі, жердегі, әуедегі, ғарыш кеңістігіндегі қауіпсіздігіне, Қазақстан Республикасында қорғаныс, қауіпсіздік және құқық тәртібін қорғау саласында кезек күттірмейтін іс-шараларды жүргізуге қатысты барлық хабарламаларға, сондай-ақ төтенше жағдайлар туралы хабарламаларға абсолюттік басымдық беруге тиіс.

Ескерту. Заң 14-1-баппен толықтырылды - ҚР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 11.04.2014 № 189-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарамен.

14-2-бап. Құзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету ерекшеліктері

1. Төтенше жағдай енгізілген жергілікті жерде құзетілетін адамдар мен объектілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі құзет іс-шараларын өткізу қажет болған жағдайда "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құзет іс-шараларын өткізу жөніндегі жедел штабтар әрекет етеді.

2. Құзет іс-шараларын өткізу жөніндегі жедел штабтың шешімі бойынша "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік құзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес құзетілетін адамдардың қауіпсіздігін, құзетілетін объектілердің құзетілуі мен қорғалуын қамтамасыз ету мүддесінде басқа да мемлекеттік органдардың қажетті күштері мен құралдары қосынша тартылуы мүмкін.

Ескерту. 3-тaraу 14-2-баппен толықтырылды – ҚР 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Занымен.

4-тaraу. Төтенше жағдай кезінде және осыған байланысты туындаған әлеуметтік-экономикалық саладағы дағдарыс жағдайында қолданылатын шаралар мен уақытша шектеулер

Ескеरту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 16.05.2020 № 330-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

15-бап. Төтенше жағдай енгізілген кезде қолданылатын негізгі шаралар мен уақытша шектеулер

1. Төтенше жағдай енгізілген кезде оның қолданылу кезеңінде мынадай негізгі шаралар мен уақытша шектеулер:

1) қоғамдық тәртіптің сақталуын, аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілердің, сондай-ақ халықтың тыныс-тіршілігін және көлік қызметінің жұмыс істеуін қамтамасыз ететін объектілердің күзетілуін күшайту;

2) төтенше жағдай енгізілген жерде жүріп-тұру еркіндігін, оның ішінде көлік құралдары қозғалысының еркіндігін шектеу;

3) жеке тұлғалардың жеке басын қуәландыратын құжаттарды тексеру, оларды жеке тексеру, олардың жаңындағы заттарын, көлік құралдарын тексеру;

4) төтенше жағдай енгізілген жерге немесе Қазақстан Республикасының аумағына кіруге, сондай-ақ олардан шығуға шектеу белгілеу;

5) бейбіт жиналыстарды, ойын-сауық, спорттық және басқа да бұқаралық іс-шараларды, сондай-ақ тууға, үйленуге, қайтыс болуға байланысты отбасылық салт-жораларды ұйымдастыруға және өткізуға тыйым салу немесе оларды шектеу;

6) ереуілдерге тыйым салу;

6-1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, құқық қорғау органдарына және арнаулы мемлекеттік органдарға, сондай-ақ төтенше жағдайды енгізуға негіз болған мән-жайларды жою жөніндегі іс-шараларға тартылған басқа да мемлекеттік органдарға ведомстволық бағыныстыларды қоспағанда, заңды тұлғалардың қызметін тоқтата тұру немесе тоқтату;

7) жарылғыш, радиоактивті, сондай-ақ химиялық және биологиялық қауіпті заттарды пайдаланатын заңды тұлғалардың қызметін тоқтата тұру;

8) егер төтенше мән-жайларға байланысты материалдық және мәдени құндылықтардың жойылуының, ұрлануының немесе бүлінуінің нақты қаупі болса, оларды қауіпсіз аудандарға көшіру;

9) төтенше жағдай енгізілген жерде ол қолданылатын бүкіл кезең ішінде сайлау және республикалық референдумдар өткізуға тыйым салу;

10) президенттік және үкіметтік байланысты қоспағанда, байланыс желілері мен құралдарының қызметін тоқтата тұру көзделеді.

2. Төтенше жағдай енгізілген кезеңде және осыған байланысты туындаған әлеуметтік-экономикалық саладағы дағдарыс жағдайында елдің экономикалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Президентінің актілеріне сәйкес салық, бюджет, кеден, банк, еңбек заңнамасының, монополияға қарсы заңнаманың, халық денсаулығы мен денсаулық сақтау жүйесі, мемлекеттік сатып алу,

квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы, валюталық реттеу, төлемдер және төлем жүйелері туралы, азаматтарды әлеуметтік қорғау, мемлекеттік мұлік салаларындағы, бәсекелестікті қорғау, мемлекеттік бақылау және қадағалау, төлем қызметтерін реттеу және көрсету тәртібі, елдің халықаралық міндеттемелерін іске асыру мәселелері жөніндегі заңнаманың қолданылу ерекшеліктері белгіленуі мүмкін.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 03.07.2013 № 121-V Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2020 № 330-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.05.2020 № 334-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 08.06.2021 № 48-VII (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 14.07.2022 № 141-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 205-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

16-бап. Төтенше жағдай кезінде қолданылатын қосымша шаралар мен уақытша шектеулер

1. Осы Заңның 4-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген мән-жайлар болған кезде төтенше жағдай енгізілген жағдайда, төтенше жағдай енгізілген жерде мынадай қосымша шаралар мен уақытша шектеулер:

1) коменданттық сағат енгізу;

1-1) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің аумақтық әскерлерін қолдану;

2) баспа басылымдарының міндетті даналары мен радио және телехабарларының материалдарын сұратып алу арқылы бұқаралық ақпарат құралдарын бақылауды жүзеге асыру;

3) төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайларды жоюға кедергі келтіретін саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің қызметін Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен тоқтата тұру немесе тоқтату;

4) көшіру-көбейту техникасын, радио және телехабарларын беру аппаратуrasesын, дыбыс және бейнеказба техникасын пайдалануға шек қою немесе тыйым салу, сондай-ақ дыбыс күштейткіш техникалық құралдарды уақытша алып қою;

5) азық-түлік пен бірінші кезекте қажетті заттарды сатудың, сатып алудың және бөлудің ерекше тәртібін орнату;

6) тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің және қаржылай қаражаттың бірден бірге өтуін қоса алғанда, жеке және заңды тұлғалардың қаржы-экономикалық қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыруына шек қою;

7) қару, оқ-дәрі, жарылғыш заттар, арнаулы құралдар, улы заттар сатуға шек қою немесе тыйым салу, дәрі-дәрмектің, есірткі заттардың, психотроптық заттардың, прекурсорлардың, сондай-ақ этил спиртінің, алкоголь өнімдерінің айналымына ерекше режим белгілеу;

8) жеке тұлғалардан қару мен оқ-дәріні, улы заттарды уақытша алып қою, ал мемлекеттік органдарға, арнаулы мемлекеттік органдарға және құқық қорғау органдарына, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне ведомствоның бағыныстыларды қоспағанда, заңды тұлғалардан қарумен, оқ-дәрімен және улы заттармен қатар әскери және жауынгерлік оқу техникасын да, жарылғыш және радиоактивті заттарды да уақытша алып қою көзделеді.

Төтенше жағдай кезінде қолданылатын қосымша шаралар мен уақытша шектеулер Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Осы Заңның 4-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген мән-жайлар орын алған кезде төтенше жағдай енгізілген ретте, төтенше жағдай енгізілген жерде мынадай қосымша шаралар мен уақытша шектеулер:

1) тұрғындарды оларға міндettі тұрде уақытша тұрғын үй-жайлар бере отырып қауіпсіз аудандарға уақытша көшіру;

1-2) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерін күзетуді күшейту жөніндегі іс-шараларды өткізу;

2) карантин енгізу, санитариялық-эпидемияға қарсы және індектке қарсы іс-шараларды жүргізу;

3) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен мемлекеттік материалдық резервті пайдалану, заңды тұлғалардың ресурстарын тарту, олардың жұмыс режимін өзгерту және төтенше жағдай кезінде қажетті өнімдер шығаруға қайта бағдарлау;

4) авариялық-құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізу және қамтамасыз ету қажеттілігіне байланысты жағдайларда Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының талаптарын міндettі тұрде сақтай отырып, еңбекке жарамды тұрғындарды және жеке тұлғалардың көлік құралдарын аталған жұмыстарды жүргізуге тарту көзделеді.

3. Осы Заңның 4-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында көзделген мән-жайлар болған кезде төтенше жағдай енгізілген жағдайда, төтенше жағдай енгізілетін жерде халықты, қоршаған ортаны және шаруашылық объектілерін табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардан кепілді тұрде қорғауды қамтамасыз ету үшін құрылған материалдық-техникалық, азық-түлік, медициналық және басқа да ресурстардың мемлекеттік резерві болмаған немесе жеткіліксіз болған кездегі ерекше

жағдайларда табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде мұлікті реквизициялау "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 16-бапқа өзгерістер енгізілді - КР 2007.05.15 № 253, 2011.03.01 № 414-IV (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 13.06.2017 № 69-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 202-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-тарау. Төтенше жағдай кезіндегі жеке және занды тұлғалар, сондай-ақ лауазымды адамдар құқықтарының кепілдігі және олардың жауапкершілігі

17-бап. Төтенше жағдай кезінде шаралар мен уақытша шектеулерді қолдану шектері

1. Төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар және жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ занды тұлғалардың құқықтарын шектеу, оларға қосымша міндеттер жүктеу төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар туыннатқан шектерде жүзеге асырылуға тиіс.

2. Төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар мен шектеулер адам құқықтары саласында Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға қайшы келмеуге тиіс.

18-бап. Төтенше жағдайдың күшінде болуы кезеңіндегі жеке және занды тұлғалар құқықтарының кепілдіктері

1. Төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлардың салдарынан зардал шеккен жеке тұлғаларға тұрғын үй-жайлар беріледі, материалдық зиянның орны толтырылады, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен және шекте қажетті көмек беріледі.

2. Төтенше жағдай енгізуге негіз болған мән-жайларды жою қажеттіліктері үшін мұліктері мен ресурстары пайдаланылған жеке және занды тұлғаларға материалдық залалды сонымен бірдей өтеу Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді – КР 2008.05.26 № 34-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

18-1-бап. Төтенше жағдай кезеңінде жеке басты куәландыратын құжаттардың, мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар беретін лицензиялардың, рұқсаттардың және өзге де құжаттардың қолданылуы

Жеке басты күәландыратын құжаттар, мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар беретін лицензиялар, рұқсаттар және өзге де құжаттар, егер төтенше жағдай енгізілген жерлерде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен оларды ұзартуды немесе ауыстыруды жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайларда, олардың қолданылу мерзіміне, иесінің мәртебесі өзгергеніне және өзге де елеулі мән-жайларға қарамастан, төтенше жағдай кезеңі ішінде, сондай-ақ ол аяқталғаннан кейін күнтізбелік отыз күн ішінде жарамды болып есептеледі.

Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген нормалар төтенше жағдай режимі қолданысқа енгізілгенге дейін қолданылуы аяқталған құжаттарға не жеке немесе заңды тұлғаларға қосымша міндеттемелер жүктейтін құжаттарға қолданылмайды.

Ескерту. 18-1-баппен толықтырылды – ҚР 16.05.2024 № 82-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)
Заңымен.

19-бап. Дене күшін, арнайы құралдарды, қызметтік иттерді, қаруды қолданудың, әскери техниканы пайдаланудың шарттары мен шектері

Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ететін органдар қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің дене күшін, арнайы құралдарды, қызметтік иттерді, қаруды қолданудың, әскери техниканы пайдаланудың Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шарттары мен шектері төтенше жағдай кезінде өзгертілмеуге тиіс.

20-бап. Коменданттық сағат ережелерін бұзған жеке тұлғаларды ұстau тәртібі

1. Коменданттық сағат қағидаларын бұзған жеке тұлғаларды ішкі істер органдарының қызметкерлері (полиция) немесе төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге қатысатын мемлекеттік органдардың қызметкерлері мен әскери қызметшілері қатарындағы патрульдер – коменданттық сағат аяқталғанға дейін, ал жеке басын күәландыратын құжаттары өзімен бірге болмағандарды – жеке басын анықтағанға дейін, бірақ ішкі істер органы бастығының немесе оның орынбасарының шешімі бойынша 48 сафаттан аспайтын уақытқа ұстайды. Ұсталған адамдар және олардың өздерімен бірге болған заттары мен көлік құралдары тексеріп-қаралуы мүмкін.

2. Ішкі істер органы бастығының немесе оның орынбасарының ұстau туралы шешіміне жоғары тұрған лауазымды адамға, прокурорға, сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

3. Төтенше жағдай енгізілген жерде адамдар мен жануарлардың қауіпті жұқпалы ауруларының таралу қаупінің туындауы салдарынан карантин енгізілген жағдайда, төтенше жағдай режимін бұзған, көрсетілген жерлерде тұrmайтын және басқа да жағдайларда бұл аумақтың шегінен міндетті тұрде шығарылуға тиіс жеке тұлғалар оларды байқауға алушын денсаулық сақтау органдары белгілеген мерзімі аяқталғанға дейін жалпы негізде ұсталып, кідіртіледі.

4. Ұсталып кідіртілген адамдарды ұсташа тәртібі Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы зандарымен белгіленеді.

Ескерту. 20-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.06.2020 № 351-VI (01.07.2021 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.07.2022 № 136-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Зандарымен.

21-бап. Төтенше жағдайдың қолданылуын тоқтатудың құқықтық салдарлары

1. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету мақсатында қабылданған және жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ занды тұлғалардың құқықтарын уақытша шектеуге байланысты нормативтік құқықтық актілер төтенше жағдай енгізілген мерзім ішінде ғана қолданылады және осы Заңның 15-бабының 2-тармағына сәйкес қабылданған актілерді қоспағанда, төтенше жағдайдың қолданылуының тоқтатылуымен бір мезгілде бұл туралы арнайы хабардар етілмей күшін жояды.

Осы Заңның 15-бабының 2-тармағына сәйкес қабылданған құқықтық актілердің ережелері, егер Қазақстан Республикасының Президентімен немесе оның тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігімен келісу бойынша актілердің өзінде өзгеше қолданылу мерзімі белгіленбесе, төтенше жағдайдың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қолданылады.

2. Төтенше жағдайдың қолданылуын тоқтату төтенше жағдай режимін бұзу туралы істер бойынша әкімшілік іс жүргізудің тоқтатылуына алып келеді.

Ескерту. 21-бап жаңа редакцияда – ҚР 16.05.2020 № 330-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

22-бап. Жеке және занды тұлғалардың, сондай-ақ лауазымды адамдардың төтенше жағдай режимінің талаптарын бұзғаны үшін жауаптылығы

1. Жеке және занды тұлғалар, сондай-ақ лауазымды адамдар төтенше жағдай режимінің талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауапты болады.

2. Төтенше жағдай режимін қамтамасыз етуге қатысушы органдардың қызметкерлері мен әскери қызметшілерінің дене күшін, арнайы құралдарды, қызметтік иттерді, қаруды заңсыз қолдануы және әскери техникины заңсыз пайдалануы, сондай-ақ лауазымды адамдардың қызметтік өкілеттігін асыра пайдалануы Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.

23-бап. Төтенше жағдай енгізілген жерде сот төрелігін жүзеге асыру

Төтенше жағдай енгізілген жерде сот төрелігін Қазақстан Республикасының зан актілеріне сәйкес соттар жүзеге асырады.

6-тарау. Қорытынды ережелер

24-бап. Халықаралық ізгілік көмек

Төтенше жағдай енгізілген жерде халықаралық ізгілік көмек Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен бөлінеді.

25-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

"Төтенше жағдайдың құқықтық режимі туралы" 1993 жылғы 15 қазандығы Қазақстан Республикасының Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., № 17, 408-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 4, 101-құжат);

"Төтенше жағдайдың құқықтық режимі туралы" Қазақстан Республикасының Заңын күшіне енгізу тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 15 қазандығы Қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., № 17, 409-құжат).

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК